

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 238 – 242

MASTERING OF VIRGIN SOIL AND FATE OF KAZAKH

N. T. Zhanakova

Kazakh Abylaikhan university of international relations and world languages, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: nurgul.zh.t@mail.ru

Key words: nation, politics, history, language, mastering of virgin soil, Kazakh, people, state, law, school.

Abstract. In the article on the basis of the archived and documentary materials the questions of functioning of Kazakh are affected in the years of virgin land development in Kazakhstan.

ТЫҢ ИГЕРУ НАУҚАНЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАҒДЫРЫ

Н. Т. Жанақова

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем
тілдері университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: ұлт, саясат, тарих, тіл, тың игеру, қазақ, халық, мемлекет, зан, мектеп.

Аннотация. ХХ ғасырдың 50 жылдары Қазақстанда жүргізілген тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының қазақ тілінің дамуын тежеп, болашақ тағдырына тигізген кесеппәттер, кеңестік орталық басқару жүйесінің ұлт мәселесіндегі керегар саясатының зарданптары мұрағат және құжаттық деректер негізінде нақты тұжырымдалып көрсетілген.

Кеңес империясы билік құрған кезеңінің 1954-1964 жылдары Кеңес Одағы тарихында «тың әпопеясы» деп ерекше аталғанымен қазақ халқы дамуында есте қаларлықтай елеулі оқиға болған жоқ, керісінше, ұлт мұддесі тапталып, ана тілінің жағдайы мұлдем мүшкіл күйге тұсті. Осы жылдары Кеңес мемлекетін басқарған Н.С.Хрущевтың волюнтаристік саясаты мен оның тың және тыңайған жерлерді жаппай игеру туралы шарапалары ұлт тілдері дамуына, соның ішінде әсіресе қазақ тілінің тағдырына тіптен бұрын-соңды болмаған нұқсан келтірді.

Тың игеруді желеу еткен ұранышыл науқанының қазақ тіліне шабуылы жасанды қөші-қон саясатынан бастау алды. Кеңес Одағы Коммунистік партиясы (КОКП) Орталық Комитетінің (ОК) Қазақстанның «тың және тыңайған жерлерін игеруге аттануға» шақырған үндеуіне (1,83) жауап ретінде қолдан ұйымдастырылған науқандық шарапалар нәтижесінде 1954 жылдың наурызына дейін қазақ даласына 250 мың, 1956 жылы 640 мың тың игеруші Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келіп қоныстанды (2, 37). Тың игерудің алғашқы үш жылында басқа республикалардың кәсіптік-техникалық училищелерін бітірген 66718 жас қыз бен жігіт (77,1 пайыз) және Қазақстан училищелерінің 19832 түлегі (22,9 пайыз) совхоздарға жұмыс істеуге келсе, 1960 ж. кәсіптік білім беру жүйесі арқылы Қазақстанның «тың жерлерді игеру үшін» деген желеумен Ресейде – 1,5 мың, Украинада – 10 мың, Белоруссияда – 4 мың, Молдавияда – 1,4 мың тракторшы даярланып, жұмысқа жіберілді (3, 75).

Мұнымен қатар Қазақстанның Мәскеу тағайындаған басшылары тың және тыңайған жерлерді игеруді жалғастыру мақсатында жұмыс қүші жетіспейтіндігін сұлтауратып 1955 ж. СОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесіне республикаға сырттан 50 мың отбасын қоныс аудару туралы мәселе қарау жөнінде өтініш жасады (4, 98).

Тың игеру сайып келгенде, қазақ халқы, оның тілі, ділі мен діні үшін үлкен зобалаң болды. Осы жылдары кадр мөселеңі бойынша патша заманындағыдай отаршылдық саясат жүргізіліп, тұтас ұлттың еңсесін түсіретін әрекеттер жасалды. Мәскеудегі биліктің өктемдігі, әкімшіл-әміршіл жүйенің шиеленісі, этнодемографиялық үрдістердің бұзылуы «тың епопеясында» айқын көрініс тапты. Тың игеру жылдарында Қазақстан халқы 2,6 млн. адамға өсіп, соның салдарынан жергілікті ұлт – қазақтар өз жерінде мұлдем азшылықта қалды. Бұл туралы белгілі демограф-ғалым М. Тәтімов сөзімен айтсақ: «... қазақтардың проценттік тұрғыда одан әрі азауына, сонымен қатар европалық көлімсектердің көп мөлшерде тың жерлерді игеруге ағылып келуі тағы да әсер етті. Соның нәтижесінде 1959 жылы қазақтар өз жерінде 29,8 пайызды ғана құраса, ал орыстардың үлес салмағы 42,7 пайызға дейін тағы да артқаны белгілі» (5,33).

1954-1960 жылдары Кенес Одағының Ресей, Украина, Белоруссия және басқа аймактарынан жұмыс күші, механизатор кадрлар тапшы, жетпейді деген сұлтаумен 2 миллионға жуық адамның Қазақстанның солтүстік облыстарына, әсіресе шұрайлы жерлерге қоныс аударуы осы аймактардағы демографиялық жағдайдың күрделенуіне, қазақтардың ұлттық тілінен, дәстүрінен, ата-баба салтынан айрылуына жол ашты. Қоныстанушылар арасында жалаң ұранға бас ұрып қазақ жеріне ағылған жастар арасында бұрын ауыр қылмыс істеп, жазасын өтегендер, маскүнемдікке бой ұрып, бұзакылықпен айналысқан адамдар да болды. Олар бірлі-жарым емес, көптеп келіп қазақ даласын мекен ете бастады.

1962 жылы республика тұрғындары арасында қазақтар үлесі 28,9 пайызға тәмендеп, орыстардың үлес салмағы 45 пайызға артты. Осы уақытта Кенес Одағы Коммунистік партиясы мен Кенес мемлекеті басшылығының тұрғылықты халықты орыстандыруға бағытталған ұлт саясаты белсенділікпен жүргізіліп, әсіресе Қазақстанда шырқау биігіне жетті. Тың игеру мақсатында Қазақстанға 1,5 млн адам келді, жабық өндіріс орындары мен әскери сынақ алаңдарын көптеп салу басталып, Ресейден мамандар ағылды. Тың игеру экономикалық мұддеден туындағанмен қазақ даласын Кенес Одағының түкпір-түкпірінен келген орыс тілді тұрғындармен қоныстандыру арқылы жергілікті халықты сіністіріп жіберу мақсаты да алдын ала ойластырылған болатын. Сол жылдары Кенес Одағының Н.С.Хрущев басқарған кезде ұлт саясатында «жана тарихи қауымдастық – кенес халқын» құруға бағыт белгіленді. Бұл бағыт мақсаты – орыс емес халықтарға орыс тілін ана тіліне айналдырып, бір ғана халық – кенес халқын жасау болатын. 1958 ж. КСРО Жоғарғы Кенесінің «Мектептің өмірмен байланысын нығайту және КСРО-дағы халық ағарту жүйесін одан әрі дамыту туралы» Заны қабылданды да, іле-шала мұндаидай заң 1959 жылы Қазақстанда да қабылданып, соған сәйкес ата-аналар балаларын өздері қалаған тілде оқыту құқығына ие болды. Орыс тілі негізгі тілге айналып, үстемдік құрған шақта бұл ресми күжат басқа тілдердің дамуын тежеді, әсіресе қазақ тілінің басына қара бұлт үйірледі. Қазақ мектептері күрт азайды. 1950-1970 жж. 1314 қазақ мектебі жабылды. Бұл жымысқы саясат 1992 жылға дейін жойылған жоқ. 1994-1995 жж. Қазақстанның әртүрлі бөлігіндегі тіл ахуалына байланысты жүргізілген социологиялық зерттеулер қорытындысы бойынша қазақтардың 70-75 пайызы ғана ана тілінде еркін сөйлей алса, 80 пайызы орыс тілін жетік білген (6).

Н.С.Хрущев Қазақстанның ұлттық құрамы, қазақ халқының ұлттық мемлекеті туралы мәселе-лерге ұлыдержалық гегомонизм тұрғысынан атұсті қарап, патшалық Ресей кезіндегі сияқты экономикалық отарлық құрылым ретінде бүкілодақтық шикізат базасына айналдыруды көзdedі. Тың игеру жылдарында солтүстік облыстардағы жұздеген қазақ ауылдары болашағы жоқ деген сұлтаумен мұлдем жойылып кетті. Жаңадан тында ұйымдастырылған 800-ге тарта кеншар атауларының басым бөлігіне қазақ тілінде бір ауыз сөз де бұйырмады. Осыған байланысты бес томдық «Қазақстан тарихында»: «Соның салдарынан қазақ тіліне (қазақ тілінің қолдану аясы бұрынғыдан да тарылды, 700-ден астам қазақ мектебі орыс тілінде оқытуға көшірілді), қазақ халқының әлеуметтік-мәдени өміріне қауіп төніп, демографиялық проблемалар шықты» деп осы түйткілді мәсселе тарихи тұрғыда нақты бағамдалды (7, 575).

Осы жылдары «Қазақ әдебиетінің» қайта шығуы халқымыздың мәдени өміріндегі аса айтулы оқиға болды. Ол бірінші санынан бастап-ақ өзінің бастапқы бағыты – ұлттық мәдениетті көтеру мәселеңін батыл қолға алғанын байқатты. Газеттің қайта шыққан алғашқы санынан бастап ана тіліне айрықша көніл бөлінді. Басылымның үлкен рухани серпіліске түсken жыл 1956 жыл болды. Дәл осы жылды газет бетінде ана тілі мен мәдениеті, қазақ мектептерінің аянышты халі жөнінде

көкейтесті мақалалар жарияланып, жүртшылық арасында ұлken серпіліс туғызды. Сол жылы 22 сәуірде газетте жарық көрген жас сыншы Р.Бердібаевтың «Ең ұлken мәдени байлық» атты проблемалық мақаласы қазақ қоғамын дур сілкіндірді. Макалада қазақ тілі мәселесі өткір көтеріліп, осыған байланысты кемшиліктер қатты сыналды. Артынан іле-шала 1 маусымындағы газет санында Р.Бердібаев пікірін қолдаган жас ғалым Ә.Нарымбетовтің «Ана тілін ардақтайық» атты мақаласы, 17 тамыздағы санында Қазақстан партия тарихы институтының бір топ ғылыми қызметкерлері – Т.Кәкішев, Р.Сәрсенбаев, Х.Хасенов, Т.Әлішеров, А.Байшин, А.Мұқтаров, Қ.Әблідаев, Қ.Әлиасқаров қол қойған «Тіл мәдениеті» атты мақаласы жарияланып, қазақ тілінің мүшкіл халін сөз еткен батыл ойлар айтылды. Мұндай өзекті ұлттық мәселелер газет бетінде жарты жылдай үздіксіз жазылды. Бұл республика партия басшылығының ашу-ызасын келтірді. Қазақстан КП Орталық Комитеті 1956 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінің қателіктері туралы» жасырын қаулы қабылдады. Осы қаулыдан кейін ұзамай-ақ «Социалистік Қазақстан» газетінің 1957 жылы 29 кантарда жарияланған «Қазақ халқының мәдениетін көркійті береійік» атты мақаласында қазақ тілін мәселе қылып жария еткен авторлардың аты-жөндері көрсетіліп, оларға қазақ тілін, әдебиетін, өнерін, оқу-агарту ісін, баспасөзді дамыту және ұлт кадрларын даярлау мәселелерін теріс түрғыда жазғандығы туралы қатаң айып тағылды. Редактордан бастап, газет қызметкерлері, авторлар күткінға ұшырады. Р.Бердібаев қызметінен шеттетіліп, партия қатарынан шығарылды. 1957 жылдың көктемінде «буржуазияшыл, ұлтшыл» деген айып тағылған «Қазақ әдебиеті» газетінің басшысы болған Сырбай Мәуленов бас редакторлықтан, Жұбан Молдағалиев редактордың орынбасарлығынан, Төкен Әбдірахманов жауапты хатшылықтан босатылды. Осылайша, ана тіліне араша түскен ұлт зиялышары күткінға ұшырады.

Тың игеру жылдары қазақ тіліндегі бүкіл баспасөзге ұлken зобалаң келді. Тың игерілген облыстарда қазақ тілінде шығып келген газеттер жабылды. Қазақ оқырмандарының көп бөлігінің орыс тілді газеттерге ойысып кетуіне осы фактор себеп болды.

Қазақ әдебиетінің класигі Сәбит Мұқанов ана тілінің сол жылдардағы мүшкіл халіне қатты аландаушылық білдіріп, Қазақстан КП ОК-інің 1956 жылдың 16 қарашасында қазақ тіліне арнап өткізген кеңесінде сөз сөйлемді, іле-шала Орталық Комитетке осы мәселеге байланысты батыл ойын айтқан кең ауқымдағы хатын жолдады, тіл мәселесінің ушығып, қазақ тілінің солтүстік облыстарда мемлекеттік тіл болудан қалғандығын мысал етіп келтірді, бұл жайтын республика көлемінде белен алу қаупінен сактандырды. Қазақстан КП ОК-інің осы хатты талқылау барысында 1957 жылы 11 сәуірде қабылдаған қаулысында жазушының бұл әрекетінде саяси жағынан зиянды жақтар бар екендігі атап өтілді (8).

Кең байтақ қазақ жері Тың, Батыс, Онтүстік өлкелерге бөлінді, облыстар мен аудандар біріктіріліп, халықтың берекесі кетті. Жергілікті халық – қазақтар ұлттық мәдениеттің өркендеу болашағынан айрыла бастады. Қазақ тілінің өрісі тарылып, жоғалуға бет алды.

Тың игеру кезіндегі зиянды көші-қон саясаты одан әрі күш ала түсті. Бүкілодақтық екпінді комсомол құрылыштары болып жарияланған Қарағанды металлургия комбинаты мен Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын салу кезінде де сырттан жұмысшылар тарту ісі кең қанат жайды. Қарағанды металлургия комбинатын немесе Қазақстан Магниткасын салуға Кеңес Одағы құрамындағы одақтас республикалардың 389 кәсіпорны мен 50 жобалау институты қатысты (9, 83), комбинат құрылышында – 1956 жылдың 1 желтоқсанында 9 мыңға жуық 25 ұлттың өкілі одақтың әр жерінен келіп енбек етті. Осыншама жұмыс күшінің болуына қарамастан кадрлардың мулдем жетіспейтінін желеу етіп, «Казметаллургстрой» тресі 1957 ж. қыркүйектің 19-да Кеңестер Одағының басты металлургиялық кәсіпорындарына қазақстандық магнитка құрылышын қамкорлыққа алып, маман кадрлармен көмектесулерін сұрап үндеу жариялады (4, 113). Үндеу ұлken «патриоттық қозғалыс» тудырып, 1958 жылдың бірінші жартысында одақтас республикалардан 20 мыңнан астам адам осы құрылышқа жұмыс істеуге келді (4, 114). 1959 жылдың басында комбинатта 11,5 мың адам жұмыс істесе, оның 56,5 пайызын орыстар, 17,4 пайызын україндар, 3,5 пайызын татарлар, 2 пайызын белорустар құрады. Қазақтардың осы ұлken енбек ұжымындағы үлес салмағы небәрі 1,1 пайыз болды (10, 6).

Бұл жағдай 1958 жылы бүкілодақтық екпінді комсомол құрылышы болып жарияланған Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатын салу кезінде де қайталанды. Сол жылы комбинаттағы бұрынғы ұжым қатарына 5712 жұмысшы сырттан келіп қосылды. 1959 жылдың 5 айында осында

орналасқан 2060 адамның 302-і Краснодар өлкесінен, 248-і – Ярославль, 159-ы Челябі, 94-і – Воронеж, 43-і Горький облыстарынан, 176-ы Солтүстік Осетиядан келсе, 175 адам Литвадан және 63 адам Белоруссиядан арналы жолдамамен келген. Сонда осылардың небәрі 17 пайызын ғана Қазақстан жұмысшылары құраған екен (11, 117).

Сайып келгенде ішкі және сыртқы демографиялық процестер қайшылығы салдарынан республиканың байырғы халқы – қазактар азшылыққа айналды, жері сынақ полигонына, тұтқындар лагеріне айналып, халықтар түрмесі атанды. «Тек бір ғана Карлагта 2 миллионға жуық адам құғын-сүргін көрді. Қиыр Шығыстан 100 мындан астам корейлер, Еділ өнірінен 361 мың неміс, Солтүстік Кавказдан 50 мың қарашибалқар, чешен-ингуш, Месхетиядан құрд, түрік, қалмақ, қырым татарлары қазақтың кең шапанының астына кіріп паналады. Бұл аздай тың көтереді, құрылыс салады деп қазақ даласына сырттан қашшама адамды қаптатты», – деп М. Қозыбаев жазғандай (12, 40-41), кеңес империясы ұлт тілдеріне ойна келгенін істер, этно-демографиялық үрдісті тежеді.

Қазақ тілі шын мәнінде еліміздің тәуелсіз мемлекет атануының арқасында қайта жаңданып, көсегесі көгерді. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы қантарда қабылданған Негізгі Заңы – Конституциясында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп танылуы ел тарихындағы елеулі оқиға болды (13). Бұл бап Қазақстан Республикасының жаңадан қабылданған 1995 жылғы Конституциясында да қайталанды (14). Тіл туралы Заң да, еліміздің негізгі Заңы – Қазақстан Республикасының Конституциясында да қазақ тілі мемлекеттік тіл болып танылып, абыройы биіктеді. Тілді заң тілімен нақтылау бар да, оны іс жүзінде жүзеге асыру бар.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы болуы тиіс. Міне, осы айтылған ойлар толық жүзеге асқанда ғана Қазақстанның болашағы қазақ тілінде деп нық сеніммен айта аламыз.

Қазақстанның полиэтникалық қоғам жағдайында мемлекеттік тілдің даму болашағы жарқын, негізгі тілге айналуы қазақ тілін аймақтар бойынша дифференциялық түрғыда, жергілікті жағдайлар мен ерекшеліктерді ескере отырып қолданылуын міндеттеуді мақсат еткен белсенді мемлекеттік қолдау жасалғанда нақты жүзеге асуы мүмкін.

Мемлекеттік тіл мәртебесін іс жүзінде орнықтыруға басқа да толымды іс-шараларды белгілеп, онды шешілуін ғылыми түрғыдан жан-жақты ескергенде ғана қазақ тілінің өркендеуіне толық мүмкіндік болар еди. Сонда ғана тіліміздің аясы қайтадан кеңейіп, барлық салада бірдей қолданылуына жағдай жасалады. Бұл мәселедегі басты түйін – мемлекеттік тіл Қазақстандағы ұлтаралық келісім мен үйлесімділіктің ұйтқысы, ұйымдастыруышы болып қалады.

ӘДЕБІЕТ

- [1] Әбуев К. Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерінен. – Алматы, 1994.
- [2] Михаилов Ф. Совхозы Казахстана (1946-1970 г.г.): Автореф. дис. докт. ист. наук. – Алма-Ата, 1977.
- [3] Копесов Н. Социальные изменения в составе сельскохозяйственных тружеников Казахстана. – Алма-Ата, 1977.
- [4] Базанова Ф.Н. Формирование и развитие национальной структуры населения Казахстана (на материалах республиканской миграции): Автореф. дис. докт. истю наук. – Алма-Ата, 1988.
- [5] Тәтімов М. Қазақ әлемі (Қазақтың саны қанша? Қазақ қашан, қайдан құрылған, қырылған және атылған?). – Алматы, 1993.
- [6] Әренов М. Қазақ – өрлеу ұстінегі ұлт // Егемен Қазақстан. – 1997. – 24 желтоқсан.
- [7] Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық. – Алматы, 2010. – Т. 4.
- [8] Аяган Б. Тоталитаризм в духовной среде // Экспресс-К. – 2006. – 26 июня.
- [9] Наша Магнитка. – Алматы, 1983.
- [10] Кенжебаев С. Рост многонациональных производственных коллективов и объединений трудовых социалистических наций. – Алматы, 1965.
- [11] Туманшин К. Деятельность Компартии Казахстана по созданию и развитию Кустанайского - Тургайского промышленного комплекса (1956-1970 гг.). – Алма-Ата, 1978. – 117-б.
- [12] Қозыбаев М. Ата тарихы туралы сыр // Кіт.: Дүние жүзі қазактарының құрылтайы. – Алматы, 1993.
- [13] Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1993.
- [14] Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 1995.

REFERENCES

- [1] Abuyev K. Almaty, 1994 (in Kaz.).
- [2] Mikhailov F. State farms of Kazakhstan (1946-1970). Autoref. Dis. Doc. Hist. Sciences. A., 1977. (in Russ.).
- [3] Kopesov N. Social changes in the composition of agricultural workers of Kazakhstan. A., 1977. (in Russ.).
- [4] Bazanova F.N. Formation and development of the national structure of the population of Kazakhstan (on materials of the Republican migration). Autoref. Dis. Doc. Hist. science. A., 1988. (in Russ.).
- [5] Tatimov M. Almaty, 1993 (In Kaz.).
- [6] Arenov M. //Egemen Kazakhstan. 24 of December, 1997 (In Kaz.).
- [7] Qazaqstan tari"hi' (ko'ne zamannan bu'ginge deyin). Bes tomdi"q. Almati', 2010. T. 4.
- [8] Ayagan B. Totalitarianism in a spiritual environment. Express-K. 2006, June 26. (in Russ.).
- [9] Our Magnitka. A., 1983.
- [10] Kenzhebaev S. Growth of multinational production collectives and associations of labour Socialist Nations. A., 1965.
- [11] Tumanshin K. Activities of the Communist Party of Kazakhstan on creation and development of Kustanaysk-Turgai industrial complex (1956-1970). A., 1978. 117-p.
- [12] Qozi'baev M. Ata tari"hi' twral' si'r. Kit.: Du'ni"e ju'zi qazaqtari'n'i'ng quri'l'tay'i'. Almati', 1993.
- [13] The Constitution of the Republic of Kazakhstan. 1993.
- [14] The Constitution of the Republic of Kazakhstan. 1995.

ОСВОЕНИЕ ЦЕЛИНЫ И СУДЬБА КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА

Н. Т. Жанакова

КазУМОиМЯ им. Абылайхана, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: нация, политика, история, язык, освоение целины, казах, народ, государство, закон, школа.

Аннотация. В статье на основе архивных и документальных материалов затрагиваются вопросы функционирования казахского языка в годы освоения целинных земель в Казахстане.

Поступила 27.01.2015г.